

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.I ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОРИЕНТИРЫ НОВОГО КАЗАХСТАНА

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 27

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

142 / 142-145

Автор(лар):

Тұрақбай Шұғыла Октябрьқызы

Мақала атауы:

ЖІБЕК ЖОЛЫ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНА ТАЛДАУ

ЖІБЕК ЖОЛЫ ЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНА ТАЛДАУ

Тұрақбай Шұғыла Октябрьқызы

shugyla.turakbai@mail.ru

«Экономика» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, PhD., қауымдастырылған профессор м.а. - **Мугауина Р.У.**

Кәсіпкер- жаңашыл, ол экономикадағы барлық динамикалық өзгерістердің қайнар көзі

Йозеф Шумпетер

Адам баласы көне заманнан бастап бір-бірімен сауда жасасқан. Сауда жасауы, сауда ісімен айналысуы базар, жәрмеңке сынды сауда орындардың пайда болуына үлкен септігін тигізген. Соңында қалалар мен қалаларды, халықтар мен халықтар арасын жалғайтын жолдың пайда болуына елеулі үлесін қосты. Осылайша сан қилы жолдар тоғысып, бір-біріне қосылып, көршілес жатқан елдердің бірінен кейін біріне жылжып, созылуының нәтижесінде талай жылдық тарихы бар Ұлы Жібек жолының пайда болуына алып келді. Дәл осы Ұлы Жібек жолы біздің мемлекетіміздің экономикасына ауыз толтырып айтарлықтай пайдасын тигізді. Мемлекетімізде кәсіптің, сауданың жандануында осы Жібек жолы елдеріне тікелей байланысты болды. «Кәсіп, кәсіпкерлік» ұғымдарының шығуы да сауда, сату және сатып алу түсініктерімен пара- пар екені барлығымызға аян.

Қазақстан Республикасында көптеген кәсіп түрлері жанданып тұр. Жібек жолы бойындағы елдермен бейбіт және тығыз қарым- қатынасымыз кәсіптік қызметтеріміздің жоғары дәрежеде болуына, еліміздің тұрмыс тіршілігіне, экономикасына елеулі нәтижесін беріп отыр.

Осы тұста, кәсіпкерлік қызметті қолдау мақсатында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кәсіпкерлерге арнайы қайтарымсыз гранттар бөлді. Кәсіп бастап-нәсіп қыламын дегендерді барынша қолдады. Ал кәсіпкерлік қызметті мемлекет тарапынан қолдау дегеніміз - берілген қызметті орындау барысындағы ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайды қалыптастыру, елімізде жаңашыл экономикалық құрылымдарды орналастыру болып табылады.

Қазіргі таңда кәсіпкерлік қызметті дамыту елімізде өте өзекті мәселелердің бірі. Ал «кәсіпкер, кәсіпкерлік қызмет» дегеніміз кімдер, нелер? Ғылыми, дәлелденген деректер бере кетсек, кәсіпкер- мемлекетте тиым салынбаған, заң бұзушылық деп қарастырылмаған кез- келген шаруашылық қызметімен айналысатын тұлға. Ол сату және сатып алумен шұғылданады. Өз қызметінде- нәтижесін берерлік пайда көру, алу үшін қоғамда игі істермен айналыса отырып, жеке басының табысын қамтамасыз ету функциясын атқарады және кәсіпкердің бойынан дәл осындай қасиеттер табыла алуы керек. Олар: жаңашылдыққа ұмтылу, тәуекелшілдік, ойлау жылдамдығы, барынша көп пайда алуға ұмтылушылық, креативті болу және іскерлік қарым- қатынас орната білуі. Ал кәсіпкерлік қызмет дегеніміз- қызметтің айтарлықтай өзгеше түрі ғана емес, бұл- стиль, үлкен тәуекелге бел буу және дәстүрлі емес (әдеттен тыс) шешімдерді қабылдау. Кәсіпкерлік қызмет қабылданған шешімдерге беріктікті, одан туындаған нәтижелерге- тәуекелділікті талап етеді. Егер қабылданған шешімдерге үлкен жауапкершілікпен қарамаса, онда кәсіпкерлік нәтижесінде болмағандығы. Кәсіпкерлікті дамыту экономиканың бәсекелестік бағытын және экономиканың тұрақтылығын қалыптасуының басты қозғаушы күші болып табылады.

Осы салада тәжірибесі мол мамандардың сөзіне сенсек, кез- келген экономиканың даму жолында ешқандай шет елдермен сауда болмаса, онда экономиканың жағдайы төмендей бермек. Ал кәсіпкерлік қызметтің атқарылатын жері ол-кәсіпорын. Нарықтық экономикамыздың көтерілуі үшін- халықты жаппай кәсіпкерлікке тарту керек. Нарықтық

экономикамыздың тиімді жұмыстарды атқаруы үшін іс басындағы субъектілердің толық түрде өзін-өзі басқаруы мен экономикада тәуелсіз болуы шарт. Республикамызда әлде қашан кәсіпкерлікті дамытуға басты назар аударылып, бірнеше заңдар мен ереже, қаулылар қабылданған. Алғашқы кәсіпкерлікті қолдау ретінде, құжат түрінде қабылданған заң «Жеке кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау» болатын. Ол 1992 жылдың 4 шілдесінде қабылдана отырып, ол жерде кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен қорғаудың маңыздылығы айтылып, басты мақсаттары мен қандай бағытта жұмыс атқарылуы керектігі баяндалған. Президентіміз кәсіпкерлікті жандандыру мәселесіне көп көңіл бөліп келеді. Алайда мемлекетімізде кәсіпкерлік қызметтің әлі де болса шешімі табылмаған мәселелері баршылық. Кәсіпкерлік қызметтің даму жолында мемлекет мынадай әрекеттерді жүргізуі керек деп ойлаймын. Олар: кәсіпкерлер құқығын толық қорғайтын органдардың жұмысының жандануы, мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетілуі, қызметті тіркеуден өткізу кезіндегі қиыншылықтарды жою, жеңілдетілген несие беру жолдарын қарастыру керек деп санаймын.

Ұлы Жібек жолының тарихына қысқаша көз жүгіртіп өтсек. Ұлы Жібек жолы- Қытай жерінен бастау алып Еуропа мен Қиыр шығыс елдеріне беттеген керуен жолы. Жібек Жолы б.з.д. III ғасырда сауда жолының басты құралы ретінде пайда болып, XVI ғасырға дейін жоғары дәрежеде қызмет етті. Осылайша Еуразияның тарихында өте маңызды орын алғандықтан оған «Ұлы» сөзі қосылған. 1877 жылы неміс мемлекетінің ұлы географы В. Рихтгофен Шығыс пен Батыс арасындағы нық байланысты айқындап түсіндіру үшін «Жібек Жолы» терминін ұсынған. Жолдың бұлай аталуына басты себеп: сауданың негізгі құралы, Қытай мемлекетінен шығатын «жібек мата» болды. Ұлы Жібек жолы тек материалдық тұрғыдағы қажеттіліктерді өтеп қана қоймай, халықаралық қарым-қатынастың дамыту жолында да маңызды рөл атқарды. Дүниежүзінің өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына үлкен үлесін қосты. Нәтижесінде елдер арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнай бастады. Елдер арасында ірі сауда келісімдері жасалды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Иран, Византия, Кавказ, Орта Азия, Сібір, Алтай, Шығыс Түркістанмен берік сауда байланыстары орнады. Ташкенттен жол Испиджабқа келіп, одан әрі керуен Таразға бет алған. Тараздан солтүстікке (Адехкет, Дех-Нуджикет қалалары орналасқан қимақтарға) солтүстіктен-оңтүстікке (Шельдяни, Куля өздерінің туған өлкесіне) келіп тірелген деседі және сауда жасауда адамдар жалғыз емес, ұзын-сонар керуен болып жүрген. Себебе: көрші елдерге сауда жасау үшін саудагер жалғыз өзі шықса жол шығыны көбейеді және жолда қарақшылар шабуыл жасау ықтималдылығы жоғары болған. Міне осылайша Ұлы жібек жолы мемлекетімізге ерте бастан-ақ үлкен пайда әкелген болатын. Қазіргі таңда да сол жол арқылы көптеген елдер өз экономикасының жағдайын жандандырып отыр.

Қазақстан жері көне Жібек жолын басып өтетін жер, кезінде Батыс пен Шығыс өркениетінің тоғысуына, көптеген ұлттың, түрлі мәдениеттің түйісуіне және серіктестігіне кемел үлес қосқан. Батыс пен Шығыс дипломаттары, оқымыстылары, шеберлері, сауда керуендері, саяхатшылары, бұл жерге үзіліссіз келіп отырған, жол бойындағы елдер өзара ауыс-түйіс жасап, бір-бірінен үйреніп, бір-бірін үлгі етіп, адамзат өркениетінің алға басуына ықпал еткен.

Ендігі кезекте Жібек жолы бойындағы елдердің экономикалық қаржылық құрылымына талдау жасай кетсек. Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин «Жібек жолы экономикалық белдеу» жөніндегі өз көзқарасын ортаға ой тастаған болатын. Бұл бағдарламаны Жібек жолы бойындағы барлық дерлік мемлекеттер қолдады. Әлем экономикасы мен саясатының үздіксіз өзгеріп, жаңарып тұрған жағдайында барлық мемлекет үшін бұл бағдарламаны тиянақты да табанды түрде асырудың маңызы ерекше зор. Жібек жолының экономикалық қаржылық жағдайының қазіргі кезеңдік жағдайын алып қарасақ, ол Қытайдан Батыс Азияға дейінгі барлық мемлекеттердің арасындағы маңызды мәселе. Жібек жолының айналасында экономикалық белдеу құру арқылы 21 ғасырдағы Азия мен Еуропаның жоғарғы деңгейге көтерілуін анықтай алды. Осыған орай біз өз мемлекет тарапымыздан экономикалық жағдайымызды жақсарту үшін осындай үш негізгі міндетті орындауымыз қажет: біріншісі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, екіншісі – бүкіл

экономиканы әртараптандыру мен экспортты өркендету болса, ал үшіншісі бағыт көлік инфрақұрылымын дамытуды көздейді. Бұлардың әрқайсысы да біздің еліміздің келешектегі экономикалық дамуын айқындап беруге белсене қызмет ететін болады. Біз бұл жолы осы қатардағы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бастамасы аясында экономиканы әртараптандыру бағытына біршама тоқталып өтпекшіміз. Бағдарламаны қолдау үшін Үкіметке қосымша 112 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. Бұдан басқа, Қазақстан мен Қытайдың 51 жобасынан тұратын тізім жасалды. Бұл жобалар осы кезеңде айрықша маңызды болып саналатын қосымша құн мен жаңа жұмыс орындары түрінде жақсы экономикалық тиімділік әкелді. Осындай үлкен үміт артылып отырған «Жаңа Жібек жолы» жобасы жер бетіндегі және мұхит айдынындағы деп аталатын екі бөліктен тұрады. Жалпы құны 150 млрд долларды құрайтын жобаның құрылысы 2020-2025 жылдар аралығында аяқталады деп күтілуде. Осыған байланысты Қытай Үрімші мен Тегеранның арасын жалғайтын теміржол құрылысының жұмыстарын бастап кетті. Мұның соңғы нүктесі Түркия мемлекетінің шекарасына дейін барып тоқтайды. Қатысушы елдер арасында Қытай мен АСЕАН мемлекеттерінен басқа, «белдеу мен жолдың бойындағы» Қазақстан, Пәкістан, Шри-Ланка, Үндістан, БАӘ секілді елдер болды. Қытай лидері Си Цзиньпин атап көрсеткендей, «Жібек жолы» экономикалық белдеуі» құрылысына тікелей қолдау көрсететін «Жібек жолы» қоры түгелдей Қытай қаржысынан құралмақшы. Бұл трансқұрлықтық логистикалық жоба, сөз жоқ, Қазақстан үшін өте-өте тиімді. Сондықтан біздің еліміз бұл бағдарламадан қалыс қалып қоймақ емес. Ал жағдайда басқаша болуы ешбір ақылға қонбаған болар еді. Біз – транзитті елміз. Ал «Жібек жолы экономикалық белдеуі» инфрақұрылымның дамуын, кеден рәсімдері сәйкестендірілуін, қандай да болсын төрешілдік тосқауылдарды алып тастауды және сауданың өркен жаюын білдіреді. Қазақстан мемлекетінің мұндағы мүддесі Қытайдан бір де кем емес. Бұған қоса, еліміз бұл жобаны өзіміздің «Нұрлы Жол» бағдарламасымен ұштастыра, байланыстыра жүргізуді мақсат етіп отыр. Қалай дегенде де, Қытайдың «Жаңа Жібек жолы» көліктік дәлізін құру туралы стратегиялық бастамасы қазақстандық өнімдер үшін әлемдік нарықтарға жол ашатын және экономикалық табыстар әкелетін нақтылы бағыт болып қалмақ. Біздің пайымымызда көлік дәліздерінің Орталық Азия өңірі арқылы өтетін кез келген нұсқасында Қазақстан транзиттік және логистикалық үдерістердің орталығы болып табылады. Осының өзі де болашақта зор экономикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретіні ешқандай күдік тудырмайды. Жібек жолы елдерінің нысанасы бір – экономиканың ұзақ уақыт тұрақты түрде артуына, мемлекеттің гүлденуіне, дәулетті де құдіретті болуына, ұлттың көркейіп, жандануына шынайы кепілдік ету.

Біз ынтымақтастықты күшейтіп, саяси тұрғыда қатынас, көршілестік абзалдылығымызды, экономикалық жақтан бір-бірімізді толықтау функциямызды атқарсақ қана біздің экономикалық қаржылық жағдайымыз оңала бермек.

Қорытындылай келе қазіргі әлем экономикасының, мәдениетінің қалыптасуында Жібек жолы елдері туралы көптеген ақпараттарға қанық болдық. Азия мен Еуропаны, Батыс пен Шығысты ұштастырған бұл жол түрлі мәдениеттің дамуына ықпал етіп, алыс-жақын елдердің өзара қарым-қатынас жасауына өте қолайлы болды. Ұлы жібек жолының арқасында халықтың әл-ауқаты жақсарып, білім деңгейлері біршама көтерілді. Біз кең пейілімізбен, көзіміздің ашық, көкірегіміздің ояулығымызбен, өңірлік ынтымақтастық өрісін кеңейтіп, шұғылалы нәтижені бірге қолдануымыз керек. Қазіргі таңда, әлемдік экономиканың тоғысып дамуы тездеді, өңірлік ынтымақтастық өркендеп келеді. Еуразия өңірінде біршама өңірлік ынтымақтастық ұйымдар құрылды. Еуразия экономикалық қауымдастығы

(ЕАЭҚ) мен ШЫҰ-ға мүше елдер, байқаушы елдер Еуразия, Батыс Азия, Оңтүстік Азия, өңірін тұтас қамтыды, ШЫҰ мен ЕАЭҚ-ның ынтымақтастығын күшейту арқылы даму өрісін одан әрі кеңейтуімізге болады. Сізге мақалада ең құнды, қажетті ақпараттарды бере алдық деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті дамыту// Қарағанды-2010
2. <https://qazdauiri.kz/news/kasipkerlik-qyzmetti-memlekettik-retteu>
3. <https://egemen.kz/article/105290-zhibek-dgolynynh-ekonomikalyq-beldeui>